

Балаларды мадақтау:

Педагог: бүгінгі ашық ашық оқу қызметіміз сіздерге ұнады ма, ендеше мына смайликтің қайсымен бағалайсыңдар кане таңдап алыңдар? (таңдаған смайликтермен қоса балалар сыйлықтарды да алады.

Педагог: балалар сыйлықтарымызды алып жылқыларымызға мініп балабақшамызға қайтайық.

Осымен біздің ашық ұйымдастырылған оқу қызметіміз аяқталды. Сау болыңдар апайлар! (деп балалар балабақшаға қайтады)

Ұлт болашағы-ұрпақ тәрбиесі

Шульниязова Несибели Баядиловна
"Құлагер" бөбекжай бақшасының тәрбиешісі

Біздің Республикамызда, көпұлтты өкілдер тұрады. Бір шаңырақтың астында тату-тәтті ғұмыр кешуіміздің басты дәлелі, біздің ұлтымыздың кеңпейілділігіміз, қонақ жайлылығымыз, атадан, атаға, өз рет ретімен бойымызға әбден сіңген. Басқа ұлт өкілдерінің, өз елімізде патриоттық сезімін көтеріп, Менің Отаным-Қазақстан деген ұғымның төңірегінде біріктіріп, жалпы ұлттық идиологияға қалыптастырып, бөліп жармай келеді. Әр ұлттың қай кезеңде болмасын, алдында тұратын ең міндеттерінің бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты саналы ұрпақ тәрбиелеу. Әр Қазақстандық аға буындарының болашақ ұрпақтарымызды саналы тәрбиелі, жан-жақты қабілетті етіп, салт-дәстүрімізді бойларына тәлім тәрбие етіп сіңдіру қоғам алдындағы борышы. Кешегі бүлдіршін, бүгінгі болашақ оқушы, ертеңгі ел азаматы. Тәуелсіз елде туған балаларымыздың болашағы жарқын, бақытты. Алдымыздағы отырған әр тәрбиеленуші бүлдіршіндеріміздің келешектері гүлденіп, баянды болуы, ең маңыздысы ұлт болашағының түп қазығы ретінде тәрбиелеу, біздің еншімізде.

Әрине тәрбиені алғашқы бастамасын, бала жанұясынан алады. Бүлдіршін алғашқы адамгершілік қасиеттерді де, еңбек әліппесінің алғашқы беттерінде өз үйінен ашады. Ұлттық педагогикада Тәрбие отбасынан басталады деп бекер айтпаған. Бұл тәрбие қалыптасқан дәстүр болған. Абай Құнанбаев айтқандай: Адамның адамшылдығы- ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады деп жаңсақ айтпаған. Бірінші отбасы, екінші балабақша, үшінші ортасы.

Жас ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы, ел ертеңі. Мемлекетіміз ұрпақ тәрбиесіне барынша назар аударып келеді. Олай болса, тәрбиеленуші балаларымызды, елімізді, жерімізді, тілімізді бүкіл әлемге паш еткізетін, жаңа заманға лайық етіп тәрбиелеу балабақшадағы біздің мерейлі мақсатымыз болып табылады. Ата-ана мен педагогтар бірге жұмыс атқарса ғана, бала бойына ізгі қасиеттерді толығынан сіңдіруге болады. Ұлт болашағын тәрбиелеуде еш қателеспей, үлесімізді қоса берейік.

«Шалқан» ертегісі. Білім беру саласы: Қатынас. Ұйымдастырылған оқу қызметі: Көркем әдебиет

Бимашева Г.Б.

Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі «Нұр» балабақшасы тәрбиешісі

ҚОБДА АУДАНЫ, БАЛА-БАҚША ТӘРБИЕШІЛЕР ЖИНАҒЫ

199

Көпінгер

